

«№36 қазақ орта мектебі» КММ

**«Білім алушылардың танымдық
құзіреттіліктерін дамыту»
тақырыбындағы гуманитарлық пәндер
бірлестігі апталығының бағдарламасы**



**Тарихынды таны,
туғанды құрметте!**



**Ақтөбе қаласы
2023-2024 оқу жылы**



Мәжіліс директоры:

У. Сарин

«Өз тілімен сөйлескен, өз тілімен жазған жұрттың ұлттығы еш уақытта адамы құрымай жоғалмайды. Ұлттың сақталуына да, жоғалуына да себеп болатын нәрсенің ең қуаттысы - тілі. Сөзі жоғалған жұрттың өзі де жоғалады»

Ахмет Байтұрсынұлы

БАҒДАРЛАМА

14.02.24–21.02.24 ж.

I. Ашық сабақтар топтамасы

- 15.02.24 09.³⁵-10.¹⁵ 27 каб
Ғ.Мүсірепов «Ұлан» романындағы кейіпкерлер бейнесі
Л.Казбағанбетова /қазақ әдебиеті /9«А» кл
- 15.02.24 15.²⁰-16.⁰⁰ 27 каб
Торғайдың арманы
А.Айтыманова /қазақ әдебиеті/ 6«Б» кл
- 16.02.24 15.²⁰-16.⁰⁰ 27 каб
«Менің атым Қожа» повесі. Сенім арту
Г.Кожина /қазақ әдебиеті/ 5«Г» кл
- 16.02.24 16.¹⁰-16.⁵⁰ 27 каб
Қазақстандағы жаппай отаршылдық қоныс аудару саясаты
Б.Әмірханқызы /Қазақстан тарихы/ 7«Ө» кл
- 19.02.24 15.²⁰-16.⁰⁰ 27 каб
XIII-XV ғасырлардағы Қазақстанның мәдениеті
Г.Мыңжан /Қазақстан тарихы/ 6«А» кл
- 20.02.24 14.³⁰-15.¹⁰ 27 каб
Үйсіндер туралы жазба деректер
Ә.Наурызбаева /Қазақстан тарихы / 5«Б» кл

II. Пәндік іс-шаралар

12.³⁰-13.¹⁵

14.02.24

«Мен жастарға сенемін!»
/Мағжан Жұмабаевтың 130 жылдық мерейтойына арналған әдеби-әуенді кеш/
(апталықтың ашылуы)

(8–11 сыныптар)

Жауапты: Ш.Абдибаева

Г.Кожина

Өткізетін орны: мәжіліс залы

11.¹⁰-12.⁰⁰ 15.02.24

«Жүректен жырды толғадым»

/ақын Жақсылық Айтжановпен кездесу кеші/
Жауапты: Ш.Абдуллина

Г.Еркинова

Өткізетін орны: мәжіліс залы

12.⁰⁰-13.⁰⁰ 20.02.2024

Мұқағали оқулары

Жауапты: Г.Махаева

А.Байтурина

Г.Айтжанова

Өткізетін орны: мәжіліс залы

15.¹⁰-15.²⁰ 20.02.24

«Тұлғаны тап» танымдық ойын /көңілді үзіліс/

(5–7 сыныптар)

Жауапты: А.Айтыманова

Өткізетін орны: №2,3 қабаг дәлізі

12.⁰⁰-13.⁰⁰

21.02.24

«Ғұлама ғұмыр» /Әлкей Марғұланның 120 жылдығына арналған тарихи кеш/
(апталықтың жабылуы)

Жауапты: Б.Әмірханқызы

Г.Түлепова

Ә.Наурызбаева

Г.Мыңжан

Өткізетін орны: мәжіліс залы

«№36 қазақ орта мектебі» КММ-де «Білім алушылардың танымдық күзiреттiлiктерiн дамыту» тақырыбындағы қоғамдық-гуманитарлық пәндер бiрлестiгi апталығының анықтамасы

№36 қазақ орта мектебiнде гуманитарлық пәндер бiрлестiгiнiң апталығы 14.02.24–21.02.24 күндерi аралығында болып өттi. Апталықтың барысында қазақ тiлi мен әдебиетi пәнi мұғалiмдерi ашық сабақтар мен сыныптан тыс жұмыс түрлерiн көрсеттi.

14 ақпан күнi М.Жұмабаевтың 130 жылдығына байланысты «Мен жастарға сенемiн» атты әдеби кешiмен апталықтың ашылуы өттi. Кешке 8-11 сынып оқушылары қатысты. Жауапты мұғалiмдер: Ш.Абдибаева, Г.Кожина. Әдеби кеш өте жақсы деңгейде өткiзiлдi. Мақсаты: Жас ұрпақты Алаштың ардақтысы М.Жұмабаевтың өмiрi мен шығармаларын оқып бiлуге баулу, ақынның өз заманындағы саяси-қоғамдық көзқарасын таныту, ұлтжанды ұрпақ тәрбиелеу.

Кеш барысында оқушылар ақынның өлеңдерiн нақышына келтiре мәнерлеп оқып, әндерiн орындады. «Батыр Баян» поэмасын сахналады.

15 ақпан күнi «Жүрекпен жырды толғадым» тақырыбында атақты ақын бабаларымыздың даңқты жолын жалғастырып келе жатқан танымал талантты жерлес ақынымыз, Қазақстан Жазушылар одағының, Қазақстан Журналистер одағының мүшесi, «Ерен еңбегi үшiн» медалiнiң иегерi, Қазақстан Республикасы мәдениет саласының үздiгi - Жақсылық Айжанұлымен кездесу кешi өттi. Мақсаты: Жергiлiктi ақын-жазушылар шығармашылығын дәрiптеу, келешек ұрпақты аға буын өнегесiн құрметтеуге, өлең құдiретiн сезiнуге баулу. Кеште ақынның өмiрбаянынан сыр шертiлiп, өлеңдерi нақышына келтiре оқылды.

Мұғалiмдердiң ашық сабақтары да жоспарға сай өткiзiлдi.

15 ақпан күнi 9 «А» сыныбында қазақ тiлi пәнi мұғалiмi Л.Казбағанбетова қазақ әдебиетi пәнiнен Ғ.Мүсiреповтiң «Ұлпан» романындағы кейiпкерлер бейнесi тақырыбында ашық сабақ өткiздi. Сабақтың мақсаты: «Ұлпан» романының идеясына сай кейiпкерлер жүйесiн анықтау, кейiпкерлерге талдау жасау. Оқушылар «Ұлпан» романы туралы бейнефильм көру арқылы сабақтың тақырыбын болжады. Тыңдалымнан кейiн «Кейiпкерлер» әдiсi арқылы оқушылар үш кейiпкер бойынша кесте толтырып, топпен жұмыс жасады. Келесi тапсырмада кейiпкерлердiң берiлген сөздерiн анықтап, мағынасына талдау жасады. Бекiту тапсырмасында «ПОПС» формуласы арқылы келесi сұраққа жауап бердi. Қазiргi кезде Ұлпандай ел анасы болған, ел басқарған әйел-аналарымыз бар ма? Сұраққа өз ойларын бiлдiрдi. Сабақ соңында «Ұстазға хат» атты керi байланыс берiлдi. Сабақ барысында топтық, жұптық, жеке жұмыстар берiлдi. Топтық жұмыс барысында оқушылар өз ойларын ортаға салды. Тапсырма орындау кезiнде оқушылар белсендiлiк танытты. Жалпы сабақ өз мақсатына жеттi.

15 ақпан күнi 6«Б» сыныбында қазақ тiлi мен әдебиетi пәнi мұғалiмi А.Айтыманованың қазақ тiлi пәнiнен О. Бөкей «Тортай мiнер ақбоз ат» Тортайдың арманы тақырыбында ашық сабағы өттi. Сабақтың мақсаты: Кейiпкерлер қарым-қатынасын отбасылық құндылық тұрғысынан талдап, әдеби эссе жазады. тiрек сөздер мен ұсынылған иллюстрациялар арқылы тақырыпты болжау. Оқылым және тыңдалым материалдары бойынша негiзгi ақпараттарды сақтай отырып, жинақы мәтiн жазу. «Шашу» әдiсi арқылы оқушылар бiр-бiрiне тiлек айтумен жағымды ахуал қалыптастырды. Топтың атауын бөлу: Фонорик (жарық) арқылы табады. (Әке, ана, бала, бақыт). Қызығушылықты ояту.«Отбасы құндылықтары»Топтастыру, қажет қажет емес тiрек сөздер. Жаңа сабақ «Тыңда, талқыла, тарат» ТТТ әдiсiмен өтiлдi. Тыңдалым тапсырмасында бейнефильм көрiп, тыңдап, талдау жұмыстарын жасады. Тыңдалым бойынша мәтiндердегi негiзгi ақпараттарды сақтай отырып, жинақы мәтiн жазады. Жаңа сабақ «Ұшқыр ұшак» Әдiс мақсаты: оқушылардың өткен тiлдiк бағдар бойынша бiлiмдерiн тексеру. Топтағы оқушыларға ұшак ұшырылады, оқушылар қабылдап iшiндегi тапсырмаларды топта орындайды. Сонымен қатар барлық топ оқушыларына бiрдей тапсырма берiлдi, берiлген тақырыптардың бiрiн тандап әдеби эссе жазды. Сабақ соңында «Авторға хат» әдiсi арқылы керi байланыс жасалды. Сабақ мақсатына жеттi. Оқушылар қызығушылықпен белсендiлiк танытты.

16 ақпан күнi 5 «Г» сыныбында қазақ тiлi мен әдебиетi пәнi мұғалiмi Г.Кожинаның қазақ әдебиетi пәнiнен Бердiбек Соқпақбаев «Менiң атым Қожа»повесiнен үзiндi. Сенiм арту тақырыбында ашық сабағы өттi. Сабақтың мақсаты: Көркем шығармадағы кейiпкерлер портретi мен iс-әрекетi арқылы образын ашу. Оқушылар бiр-бiрiнiң көзiне қарап, «Мен саған сенемiн...» өйткенi сен деп жұбының бiр жақсы қасиетiн айтады. Суреттердi таңдау арқылы оқушылар топқа бөлiнедi. «Додекадр» әдiсi бойынша сұрақтарға жауап

беріп, өткен тақырыпты еске түсіреді. «Болжау әдісі» арқылы шығарманың тақырыбы мен үзіндідегі кейіпкердің іс-әрекетіне өз көзқарасын білдіріп, сабақтың тақырыбын болжайды. Оқушылар бейнебаяннан үзінді көріп, өз ойларын айтады. Топтық тапсырма орындайды. 1-топ оқушылары топта бірлесе отырып талқылап, шығарма негізінде кейіпкердің маңызды үш іс-әрекетін анықтайды. 2-топ оқушылары «Попс» әдісі арқылы ойларың төрт сөйлеммен жеткізеді. 3-топ оқушылары Қожа мен Жантасты салыстырып, ортақ қасиеттерін жазады. Бекіту тапсырмасында оқушылар тақырып бойынша өз көзқарастарың тұжырымдап, эссе жазады. Сабақ соңында «Смартфон» атты кері байланыс берілді. Сабақ барысында топтық, жұптық, жеке жұмыстар берілді. Топтық жұмыс барысында оқушылар өз ойларын ортаға салды. Тапсырма орындау кезінде оқушылар белсенділік танытты. Жалпы сабақ өз мақсатына жетті.

19 ақпан күні 7 “Ә” сыныбында тарих пәні мұғалімі Б.Әмірханқызының қазақстан тарихы пәнінен “Қазақстандағы жаппай отаршылдық қоныс-аудару саясаты” тақырыбында ашық сабақ өткізілді. Сабақтың мақсаты: Патша үкіметінің отарлау алғышарттарың, себептерін анықтау; жаппай қоныстандыру саясатын сипаттау, салдарың, зардабын талдау. Үй тапсырмасы, “Қазақтардың 1860-1870 жылдардағы азаттық күресі” тақырыбында “Blooket” платформасында тест тапсырмасын орындады, көтеріліс кестесін толтырды. Сабақтың басынан бастап, әр тапсырма сайын белсенді оқушыға медаль табысталып отырды. Жаңа сабақтың тақырыбын ашу үшін, сыныпқа орыс ұлтының өкілі “ходок” (жер көріп қайтушы адам) келді. Жаңа тақырып бойынша бейне көрініс көрсетілді. “Ходок” әкелген сыйлықтар арқылы сынып оқушылары топқа бөлінді. 4 топқа төрт тапсырма берілді: Қазақстанға жаппай қоныстандыру саясатының себептері Картамен жұмыс, “Қонысаударушылар Қазақстанның қай өңірлеріне қоныстандырылды?”-деген сұрақ қойылып, картадан көрсетеді.

Қазақстан жеріне қоныс аударушы ұлт өкілдерінің шаруашылық түрлерін сипаттау Патша үкіметінің жаппай қоныстандыру саясатының жағымды, жағымсыз жағын жазады. Сабақты қорытындылау үшін “Тарихи домино” әдісі қолданылды. 4 топ адасқан сөздерді жинақтап, бүгінгі сабаққа байланысты толық сөйлем құрастырып шығу керек. Оқушылар сабақ бойына жинаған медаль сандарына байланысты бағаланды. Үйге тапсырма: Құжаттармен жұмыс. Кері байланысқа INSERT әдісі қолданылды. Сабақ өз мақсатына жетті.

19 ақпан күні 6 “А” сыныбында тарих пәні мұғалімі Мыңжан Гүлбану Жеткербайқызы тарих пәнінен “XIII-XV ғасырлардағы Қазақстанның мәдениеті” тақырыбында ашық сабақ өткізді. Сабақтың мақсаты: күй аңыз, шежіре, эпостық жырлардың тарихи дереккөзі ретіндегі маңыздылығын анықтау. XIII-XV ғасырлардағы сәулет өнерімен таныстыру. Үй тапсырмасы, “Моғолстан. Әбілхайыр хандығы” тақырыбында “LearningApps” платформасында үй тапсырмасы сұралды. Үй тапсырмасын орындау арқылы интерактивті тақтада сурет шықты. Сол сурет арқылы жаңа тақырыпты ашты. Жаңа тақырып бойынша бейне көрініс көрсетілді. Киіз үйде жасырылған парақтарды алу арқылы үш топқа топтасты. Топ басшысы сайланып, бағалау парағы үлестірілді.

1-тапсырма. Case-Study әдісін пайдалана отырып әр топтан бір оқушыдан шығып басқа топ оқушыларына өз түсінгенімен бөлісті.

2-тапсырма топтық жұмыс.

I топ Картамен жұмыс. Берілген кесенелердің орналасқан жерін картадан көрсетті

II топ Эпостық шығармалардың маңыздылығын талдады.

III топ Кестемен жұмыс. Кодекс куманикус бойынша кестені толтырды.

Сабақты қорытындылау үшін “ақиқат/жалған” тапсырмасын орындады. Үй тапсырмасы. Тақырыпты мазмұндау.

Кері байланысқа “Білім почтасы” әдісі қолданылды. Сабақ өз мақсатына жетті.

20 ақпан күні 5 “Б” сыныбында тарих пәні мұғалімі А.Наурызбаеваның Қазақстан тарихы пәнінен “Үйсіндер мен Қаңлылар” тақырыбында ашық сабақ өткізді. Сабақтың мақсаты: Ежелгі Қазақстан аумағын мекендеген үйсін мемлекеттік бірлестігінің құрылуы мен Үйсін мемлекетіндегі әлеуметтік топтардың ерекшеліктерін түсіндіру. Сабақты визуалды әдіс арқылы АКТ арқылы видео ролик көрсетілді. Оқушыларды садақтың жебесі арқылы 3 топқа бөлінді. Сабақ барысында топтағы оқушыларға мәтін тартылып берілді. Әр топқа сәйкестендіру, ақиқат пен жалған, постер корқау тапсырмалары берілді. Кері байланыс: «**Үшбұрыш**» әдісі тақырып бойынша не білетінін, не білгісі келетінін, не білгенін жазады. Үйге тапсырма: Үйсіндердің жазба деректері туралы тірек сызба құрастырып келу. Сабақ өз мақсатына жетті.

20 ақпан күні «Тұлғаны тап» үзіліс кезінде танымдық ойын өткізілді, көңілді қоңырау ұйымдастырылды. Мақсаты: тарихи тұлғаларды тану, еске алу.

20 ақпан күні ақиық ақын Мұқағали Мақатаевтың туылған күніне орай мектепшілік «Мұқағали оқулары» байқауы өтті. **Байқаудың мақсаты:**Қазақ поэзиясының мұзбалағы атанған ақынның өмірі, шығармашылығымен таныстыру, ақынның поэзия құдіреті мен әндерін таныту. Ақын өлеңдері арқылы оқушылардың Отанға, халқына, тілге деген сүйіспеншілік сезімдерін ояту, отаншылдыққа тәрбиелеу. Байқау барысында ақынның өлеңдері ,поэмалары және оқушылар өз шығармаларын оқыды.М.Мақатаев оқулары 3 кезеңнен өткізілді.

«Айтып өткен ақында арман бар ма?» I кезең бойынша 7 «В»сынып оқушысы Сисенбайқызы Кәусар – I орын , 7 «А» сынып оқушысы Зарипбаева Көркем – II орын, Қанымбек Диас – III орынға ие болды.

II кезең «Жыр эстафетасы» бойынша 7 «В» сынып оқушысы Қабылхан Бибарыс - I орын.

«Көкірегімде жыр сәулесі маздайды...» III кезең бойынша 9 «А» сынып оқушысы Алтынова Нұрсая – I орын, 9 «Б» сынып оқушысы Ғалым Еркеназ – II орын, 9 «Ә» сынып оқушысы Бисекенова Аймира , 9 «В» сынып оқушысы Тлеулина Гулфайрус – III орынды иеленді.

21 ақпан күні Әлкей Марғұлан Хақанұлының 120 жылдығына арналған «Әлкей. Ғұлама ғұмыр» қоғамдық-гуманитарлық пәндер бірлестігі апталығының жабылу салтанатына орай тарихи-танымдық кеш өткізілді. Кешке 5-8 сыныптар қатынасты.Жауаптылар: Б.Әмірханқызы , Г.Тулєпова, Ә.Наурызбаева, Г.Мыңжан. Мақсаты: Қазақ халқының дара перзенті Ә.Марғұланның өмір жолымен, отандық филология, археология, этнография, сәулет өнері сынды ғылымдарға қосқан үлесімен таныстыру. Тарихи –танымдық кеш барысында Ә.Марғұланның өмір жолы мен қазақ ғылымына қосқан үлесі туралы айтылып, көріністер көрсетілді. Білім алушылар ақын Ғафу Қайырбековтің ғалымға арнаған өлең шумақтарын нақышына келтіре орындады. Кеш соңында мектеп директоры Б.У.Сарин қорытынды сөз сөйлеп, апталыққа белсенді қатысқан оқушыларды марапаттады.

Білім алушылардың танымдық құзіреттіліктерін дамыту мақсатында өткен апталықта жаңа технологиялар үлгілері сабақ барысында көрініс тапты. Мұғалімдер ашық сабақта Worldwall платформасын, Blooket платформасын, Тарихи домино, Insert әдістерін тиімді қолданды. Апталықтың бекітілген жұмыс жоспарындағы барлық іс-шаралар мазмұнды, мағыналы , сапалы өткізілді.

Бірлестік жетекшісі:



Г.К.Еркинова